ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14-ақпан № 7527-24-00-2/18381 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ш.Шакуал,
сот отырысының хатшысы Д.Сағындықтың қатысуымен ашық сот отырысынды бейнебайланыс арқылы келесі талап бойыша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

ЖАУАПКЕР:
«Asian CS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ТАЛАПТЫҢ МӘНІ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы.

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.Бейсенбайқызы.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында, баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде 16 шілде 2024 жылы мемлекеттік сатып алу туралы №127 шарт жасалған (ары қарай - Шарт).

Шарт талаптарына сай, жауапкер (әрі қарай – Өнім беруші) осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал талап қоюшы (әрі қарай - Тапсырыс беруші) осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім

беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

Шарттың 1-Қосымшасына сай, жеткізілетін Тауар: Индуктивті байланысқан плазмасы бар атомдық-эмиссиялық спектрометр, жалпы сомасы 71 887 200 теңге. Жеткізу мерзімі тапсырыс берушіден өтініш түскеннен кейінгі 120-күнтізбелік күн ішінде.

Жауапкердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты, 11 желтоқсан 2024 жылы шарт бір жақты талап қоюшының тарабынан бұзылған.

Талап қоюшы жауапкердің мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрап отыр.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талапты қолдап, оны толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер тиісті түрде хабарланғанына қарамастан, сот отырысына қатыспады, арыз келтірмеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (ары қарай - Заң) 12 бабының 4 тармағына 3 тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 12 бабы 5 тармағына сай, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Азаматтық Кодексінің 359 бабы 1 бөлігіне сай, борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе, ол кінәсіз деп танылады.

Іс құжаттарына сай, жауапкер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес Тауарды жеткізбеген, сондықтан сот, жауапкер мемлекеттік сатып алу шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған деп санайды.

16 шілде 2024 жылы Шарт бір жақты талап қоюшының тарабынан бұзылды.

Құжатқа қол қойылған: Шакуал А. Ш., 20.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Шакуал А. Ш., 27.03.2025

Жауапкердің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы Шарттың 10.1. бөлігіне сай тараптар жауапкершіліктен босатылатын төтенше жағдайлардың салдарынан болмаған және тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар туындатқан, себебі тапсырыс беруші келісілген уақытта қажетті тауарды ала алмаған, бөлінген қаражат дер кезінде игерілмей қалған.

Мұндай жағдайда, сот жауапкердің жасасқан шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауға кінәлі деп табады.

Заңның 12 бабының 4 тармағына сәйкес,осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшыға жауапкердің Шарт міндеттерін орындамауы туралы 13-қараша 2024 жылы белгілі болған себебі тауар жеткізу мерзімі осы уақытта болған, ал қарастырылып отырған талап сотқа 11 желтоқсан 2024 жылы берілген.

Яғни, талап қоюшы мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы сотқа уақытылы жүгінген.

Жоғарыда айтылған мән-жайларды және жауапкердің АПК-нің 72, 73 баптарының талаптарын сақтамай, талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын өз дәлелдемелерін сотқа тапсырмағанын ескере отырып, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылуға жатады деп санайды.

Заңның 12 бабының 6 тармағына сәйкес, осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілген өнім берушілер соттың оларды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап жиырма төрт ай ішінде мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

Салық кодексінің 616 бабының 30 тармағына сәйкес, талап қоюшы әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою бойынша соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылған.

Сондықтан, АПК-нің 117 бабы 2 бөлігінің талабына сай 1 966 теңге көлеміндегі мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет пайдасына өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Шакуал А. Ш., 20.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Шакуал А. Ш., 27.03.2025

7527-24-3-1/20547

Қазақстан Республикасы АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің «Ұлттық сараптама орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Asian CS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Asian CS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 120840006319) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Asian CS» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Судья **А.Ш. Шакуал**

Құжатқа қол қойылған: Шакуал А. Ш., 20.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Шакуал А. Ш., 27.03.2025

7527-24-3-1/20547